

2003 жылғы 7 тамыздағы № 732 "Азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі қалалық комиссия құру туралы" қаулысына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы

Батыс Қазақстан облысы Орал қаласы әкімдігінің 2005 жылғы 24 наурыздағы N 421 қаулысы. Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының әділет басқармасында 2005 жылғы 18 сәуірде N 7-1-3 тіркелді

Қазақстан Республикасы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31 бабын басшылыққа алып, кадрлардың өзгеруіне байланысты, Орал қаласының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Азаматтардың кейбір санаттарына әлеуметтік төлем төлеу жөніндегі қалалық комиссия құру туралы" Орал қаласы әкімдігінің 2003 жылғы 7 тамыздағы № 732 қаулысына (05.09.2003 ж. тіркеу №2273, 25.09.2003 жылғы №23 санында "Пульс города", 25.09.2003 ж. №41 "Жайық үні" газеттерінде жарияланған), 2003 жылғы 4 желтоқсандағы №1274 (25.12.2003 жылғы тіркеу №2396, 15.01.2004 жылғы №3 "Пульс города", 16.01.2004 жылғы №3 "Жайық үні" газеттерінде жарияланған) және 2004 жылғы 6 ақпандағы №143 (25.02.2004 жылғы тіркеу №2526, 11.03.2004 жылғы №11 "Пульс города", 12.03.2004 жылғы №12 "Жайық үні" газеттерінде жарияланған) қаулыларымен енгізілген өзгерістерді ескере отырып, келесі өзгертулер енгізілсін:

1 қосымшада:

комиссия құрамына енгізілсін:

Аманжол Зейнуллаұлы Зинуллин - қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы;
комиссия құрамынан шығарылсын:

Сергей Николаевич Церковников.

2. Комиссияның өзгертілген құрамы мәслихаттың кезекті сессиясына бекітуге ұсынылсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары А.З.Зинуллинге жүктелсін.

Қала әкімі

В.Мұқатаев